

Шығыс Қазақстан облысы Көкпекті ауданында орналасқан Ұлан ауданының шекарасынан Зайсан көліне дейінгі учаскеде Бұқтырма су қоймасының су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулерін және оларды шаруашылыққа пайдалану режимін белгілеу туралы

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2020 жылғы 23 маусымдағы № 204 қаулысы.
Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 3 шілдеде № 7265 болып тіркелді

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 39, 116, 125, 145-1-баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабы 1-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, бекітілген жобалық құжаттама негізінде және су объектілерін тиісті санитарлық-гигиеналық және экологиялық талаптарға сәйкес күйде ұстау мақсатында, жер үсті суларының ластануын, қоқыстануын мен сарқылуын болғызбау, сондай-ақ өсімдіктер мен жануарлар дүниесін сақтау үшін, Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналар:

1) осы қаулыға қосымшаға сәйкес Шығыс Қазақстан облысы Көкпекті ауданында орналасқан Ұлан ауданының шекарасынан Зайсан көліне дейінгі учаскеде Бұқтырма су қоймасының су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулері;

2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Шығыс Қазақстан облысы Көкпекті ауданында орналасқан Ұлан ауданының шекарасынан Зайсан көліне дейінгі учаскеде Бұқтырма су қоймасының су қорғау аймақтары аумағында шаруашылыққа пайдаланудың арнайы режимі және су қорғау белдеулері аумағында шектеулі шаруашылық қызмет режимі белгіленсін.

2. Шығыс Қазақстан облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы бекітілген жобалық құжаттаманы

Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген құзыретіне сәйкес шаралар қабылдау үшін Көкпекті ауданының әкіміне және мемлекеттік жер кадастрында есепке алу және су қоры мен жер ресурстарының пайдаланылуына және қорғалуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру үшін арнайы уәкілетті мемлекеттік органдарға тапсырсын.

3. Облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің облыс аумағында таралатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы қаулының ресми жарияланғаннан кейін Шығыс Қазақстан облысы әкімінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің агроөнеркәсіптік кешен мәселелері жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шығыс Қазақстан облысы әкімі

Д. Ахметов

" К Е Л І С І Л Д І "

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Э к о л о г и я ,

г е о л о г и я

ж ә н е

т а б и ğ и

р е с у р с т а р

м и н и с т р л і ğ и

С у

р е с у р с т а р ы

к о м и т е т і н і ң

С у

р е с у р с т а р ы н

п а й д а л а н у д ы

р е т т е у

ж ә н е

қ о р ğ а у

ж ө н і н д е ğ и

Е р т і с

б а с с е й н д і к

и н с п е к ц и я с ы

б а с ш ы с ы н ы ң

м і н д е т і н

а т қ а р у ш ы

Е .

К а м б а р о в

2020 жылғы "___" _____

Шығыс Қазақстан облысы

әкімдігінің

2020 жылғы 23 маусымы

№ 204 қаулысына қосымша

Шығыс Қазақстан облысы Көкпекті ауданында орналасқан Ұлан ауданының шекарасынан Зайсан көліне дейінгі учаскеде Бұқтырма су қоймасының су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулері

Су объектісі, оның учаскесі	Су қорғау аймақтары			Су қорғау белдеулері		
	Ұзындығы , км	Ауданы , га	Ені , м	Ұзындығы , км	Ауданы , га	Ені , м
1	2	3	4	5	6	7
Ұлан ауданының шекарасынан пикетке дейін-5+700	3,6	216	500	5,4	42,75	75
Пикет-5+700-ден пикет-18+500-ге дейін	8,2	492	500	12,8	64	50
Пикет-18+500-ден пикет-39-ға дейін	13,2	792	500	20,5	1153,75	75

Пикет-39-дан пикет-44-ке дейін, "Самар орман шаруашылығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі жерлері			-			-
Пикет-44-тен пикет-82+200-ге дейін	24,6	1474	500	38,2	286,5	75
Пикет-82+200-ден пикет-83+500-ге дейін	0,8	48	500	1,3	6,5	50
Пикет-83+500-ден пикет-98+300-ге дейін	9,5	570	500	14,8	111	75
Су объектісі, оның учаскесі	Су қорғау аймақтары			Су қорғау белдеулері		
	Ұзындығы , км	Ауданы , га	Ені , м	Ұзындығы , км	Ауданы , га	Ені , м
Пикет-98+300-ден пикет-100+800-ге дейін	1,6	96	500	2,5	12,5	50
Пикет-100+800-ден пикет-110+800-ге дейін	6,4	384	500	10	75	75
Пикет-110+800-ден пикет-112+500-ге дейін	1,1	66	500	1,7	8,5	50
Пикет-112+500-ден пикет-135+500-ге дейін	14,8	888	500	23	172,5	75
Пикет-135+500-ден пикет-146-ға дейін	6,7	402	500	10,5	52,5	50
Пикет-146-дан пикет-151-ге дейін	3,2	192	500	5	37,5	75
Пикет-151-ден пикет-154-ке дейін	1,9	114	500	3	15	50
Пикет-154-тен пикет-158-ге дейін	2,6	156	500	4	30	75
Пикет-158-ден пикет-165+500-ге дейін	4,8	288	500	7,5	37,5	50
Пикет-165+500-ден пикет-171-ге дейін	3,5	210	500	5,5	41,25	75
Пикет-171-ден пикет-200-ге дейін	18,6	1114	500	29	145	50
Пикет-200-ден пикет-225+500-ге дейін	16,4	984	500	25,5	191,25	75
Су объектісі, оның учаскесі	Су қорғау аймақтары			Су қорғау белдеулері		
	Ұзындығы , км	Ауданы , га	Ені , м	Ұзындығы , км	Ауданы , га	Ені , м
Пикет-225+500-ден пикет-291+500-ге дейін, Құлынжүн мемлекеттік табиғи қорықшағы			-			-
Пикет-291+500-ден пикет-425-ге дейін	86	5153,3	500	133,5	687,6	50
Өзендер мен бұлақтар	-	-	-	8	120,2	75

Ескертпе:

Су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулерінің шекаралары мен ені бекітілген жобалық құжаттаманың картографиялық материалында көрсетілген.